

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

қосымша жұмыс орындарын ашу жұмыстары жүргізілуде, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға тартуға жағдай жасалуда. Жұмыссыздарды қайта оқытуға жағдай жасалды. Бұл үдерістердің барлығы Үкімет жасаған ашықтық жағдайында жүріп жатыр, әр облыстың, тіпті ауылдың ерекшеліктері ескерілетін болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Разумов А.А. Кедейлік және оны жеңу әдістері // 2003.
2. 2001-2010 жылдарға арналған «Халықтың кірістерін саралаудың негізгі көрсеткіштері» бюллетені, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011 ж.
3. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі. ҚР статистика жөніндегі Агенттігі, Алматы, 2002 ж.
4. «Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі» жинағы, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011 ж.
5. ҚР Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы «2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №3834 Жарлығы

ӘОЖ 316.334.5

### **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМА – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ МИГРАЦИЯ ФАКТОРЫ**

**Әскербек Зарина Серікқызы**

[zarinaaskerbek1@gmail.com](mailto:zarinaaskerbek1@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к, доцент

Экологиялық проблема - ішкі көші-қонға ықпал ететін факторлардың бірі. Су тасқыны, құрғақшылық, орман өрттері және басқа да табиғи апаттар сияқты бірқатар экологиялық апаттар зардап шеккен аудандардан адамдардың мәжбүрлі көші-қонына алып келеді. Сонымен қатар, табиғи ресурстардың ластануы және сарқылуы белгілі бір аумақтардың өміршеңдігін төмендетіп, олардың тұрғындарын басқа жерге көшуге мәжбүр етеді. Экологиялық проблемалар, сондай-ақ экономикалық шығынға, жұмыс орындарының қысқаруына және халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде жақсы өмір сүру жағдайларын іздеу үшін көші-қонның бірден бір себебі болмақ. Осылайша, экологиялық проблема ішкі көші-қонға елеулі ықпал етіп, елдегі демографиялық жағдайды өзгертеді. Бұл мәселені шешу үшін қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғаудың тиімді шараларын әзірлеу, сонымен қатар халық арасында экологиялық ауыртпалықты әділ бөлуді қамтамасыз ету қажет. Төменде экологиялық проблемалардың орын алуынан туындайтын миграция процесіне ықпал етуші негізгі факторлар келтіріледі. Олар:

1) әлеуметтік факторлар: тарихи отанына оралуға, өз отбасыларымен қайта қауышуға, тұрмыстық ұлтшылдық көріністерінен қашуға деген ұмтылыс, сондай-ақ тілдік ахуал (мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту);

2) экономикалық факторлар: жұмыспен қамтудың және кәсіпкерлікті қолдаудың әртүрлі шарттары; Қазақстанда және эмигранттар кететін елдерде (негізінен Ресей, Германия, АҚШ) және иммигранттар (Өзбекстан, Моңғолия, Түркменстан, Қырғызстан, Ресей) еңбекақы мен әлеуметтік жәрдемақылар, зейнетақылар деңгейлеріндегі айырмашылық;

3) саяси факторлар: халықтың менталитетіндегі, сөз бостандығын қабылдаудағы, этносаралық саладағы және Ұлттық азшылықтарға қатысты саясаттағы (Қытай) айырмашылық, тіл саясаты;

4) демографиялық факторлар: депопуляция қаупі және кейбір елдерде/аймақтарда халықтың қартаюының белсенді процестері (көші-қон алушылар), екінші жағынан, басқа

елдерде/аймақтарда туудың салыстырмалы түрде жоғары болуына және өлім-жітімнің төмен болуына байланысты халықтың тез өсуі (көші-қон донорлары).

Әлеуметтануда «экологиялық миграция» түсінігі қоршаған орта жағдайлары мен әлеуметтік процестердің өзара әрекеттесу контекстінде қарастырылады. Осы өзара әрекеттесуді түсіндіруге және экологиялық миграцияның әлеуметтік салдарын талдауға көмектесетін бірнеше теориялар бар. Осы теориялардың кейбіріне назар аударсақ. Мысалы, осалдық және тұрақтылық теориясы жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік-экономикалық ресурстарына, мәдени тарихына және саяси билікке қол жеткізуіне байланысты қоршаған ортаның өзгеруіне әртүрлі осалдықтары бар екенін көрсетеді. Осылайша, экологиялық көші-қон осалдыққа жауап немесе халықтың тұрақтылығын жүзеге асыру болуы мүмкін деген көзқарас қалыптасты [1]. Келесі трансұлттық желі теориясына сәйкес, экологиялық көші-қон әдетте шыққан елдер мен баратын елдер арасындағы байланыстарды қамтитын трансұлттық желілерді құру және қолдау арқылы жүреді. Бұл желілер мигранттарға жаңа ортаға бейімделуге және өз елдерімен ресурстар алмасуға көмектеседі. [1] Ал «мәдени ауысу теориясына» сәйкес, экологиялық көші-қон мигранттарда да, қабылдаушы қоғамда да мәдени өзгерістерге ұшыратады, нәтижесінде мигрант мәдени күйзеліс және жаңа ортаға бейімделу кезінде өз мәдениетін сақтау үшін күресуі мүмкін. Сонымен бірге, келген мигрант қабылдаушы қоғамның мәдени динамикасына нақты үлес қоса алады; [1] Сонымен қатар экологиялық модернизация теориясы экологиялық көші-қон адамдардың жасыл және дамыған аймақтарда жақсырақ мүмкіндіктерге ұмтылуының нәтижесі деп болжайды. Осы процесс ресурстарды тиімді пайдаланатын және экологиялық тұрақты дамуы бар аймақтарда халық санын арттырады, ал әл-ауқаты төмен және ластанған аймақтар жұмыс күшін жоғалтады [1]. «Экологиялық әділетсіздік теориясы» аясында экологиялық миграция көбінесе «қоршаған ортадағы тең емес ахуал мен ресурстарды бөлудің нәтижесі» деп танылады. Кедей және табысы төмен әлеуметтік топтар нашар экологиялық жағдайларға көбірек ұшырап, жақсы өмір іздеп қоныс аударуға мәжбүр болуы мүмкін [1].

Бұл теориялар экологиялық көші-қонның әлеуметтік аспектілері туралы әртүрлі көзқарастарды ұсынады және экологиялық және әлеуметтік процестер арасындағы байланысты жақсы түсінуге көмектеседі. Оларды эмпириялық зерттеулер жүргізу және экологиялық көші-қонды басқаруға қатысты саясат пен тәжірибелерді әзірлеу үшін пайдалануға болады. Осы орайда, «Экологиялық проблема Қазақстандағы ішкі миграцияның детерминанты ретінде» тақырыбында жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысына сәйкес, зерттеу мақсаты ретінде экологиялық көші-қонды реттеудің механизмін құру қажеттілігін анықтау және еліміздегі экологиялық миграция мәселесінің тенденциясын зерделеу назарға алынды.

Зерттеу жұмысы барысында фокус топ және сауалнама әдісі көмегімен алғашқы әлеуметтанулық мәліметтер жинақталды. Фокус топқа Абай, Қызылорда және Атырау облыстары тұрғындары (15 респондент) қатысты. Фокус топ нәтижесінде аталмыш өңірлердегі экологиялық проблеманың көші-қонға ықпал ететін өзекті фактордың бірі екендігі айқындалды. Сонымен қатар, респонденттер экологиялық мәселеден басқа өмір сапасын төмендетіп отырған әлеуметтік мәселелерді атап өтті (жұмыссыздық, төмен жалақы, әлеуметтік көмек және т.б.).

Сондай-ақ зерттеу аясында 17 облыс, үш республикалық маңызы бар қалада 18-56 жастан жоғары азаматтар арасында «қар ұшқыны» әдісімен онлайн сауалнама жүргізілді. Зерттеу мәселесіне сәйкес сауалнамада еліміздегі өзекті немесе елден көшіп кетуге ықпал етуі мүмкін факторларды анықтау сұрағы қойылды. Төмендегі 1 диаграммадан көріп отырғанымыздай, респонденттердің 14,1% табыстың төмен деңгейін (төмен жалақы, зейнетақы, шәкіртақы) белгілесе, 13,3% респондент үшін қымбатшылық, бағаның қымбаттауы (азық-түлік, қажетті тауарлар, коммуналдық төлем) өзекті мәселе ретінде саналады. 12,2% респондент елден көшіп кетуге ықпал етуі мүмкін фактор ретінде нашар экологиялық жағдайды белгілейді. Топ-5 өзекті мәселелер қатарына, сондай-ақ коррупция 11,5% және несие, ипотека мәселесі 9,3% кірді.


Нашар экологиялық жағдай миграцияға ықпал етуші фактор және еліміздегі өзекті проблемалардың бірі ретінде зерттеуде жоғары позицияны алып отыр. IQAir – швейцариялық ауа тазартқыш құралдарды өндіруші компанияның жүргізген зерттеулері бойынша Қазақстан экологиясы нашар және ауаның ластану индексі бойынша 121 елдің қатарында 59 орынды иеленеді [2]. Бұл дегеніміз елімізде экологиялық проблемалар баса назар аударуды қажет етеді, ол үшін мемлекет тарапынан Қазақстан бойынша өзекті экологиялық проблема көздеріне талдау жасап, алдын алу шаралары мен жаңа бастамаларды іске асыруды жоспарлау керек.



1-сурет. Өңірлер арасындағы ауа сапасын бағалау

Ал қалалар рейтингіне келетін болсақ, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жүргізген зерттеуінде, 31 қалада ауаның ластану деңгейін жоғары, 16 қалада жоғары және 3 қалада өте жоғары деп сипаттауға болады. Ең қолайсыз экологиялық жағдай Астана, Қарағанды және Ақтөбеде байқалады [3].


Картада Қазақстанның 18 ірі қаласы бойынша ластанудың стандартты индекстері көрсетілген. Олардың тек екеуі – Көкшетау мен Қызылорда ауаның тазалығы бойынша алғашқы орында. Тағы 11 қалада ластану деңгейі жоғары, ал қалғандарында жоғары немесе өте жоғары. Астана ауаның ластануы бойынша көш бастап тұр. Ластанудың стандартты индексі ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында 16,2 балл болды, максималды мүмкін балл 20 балл [3].



1-диаграмма. Елден көшуге ықпал ететін факторлар, %

Сауалнама жүргізу барысында респонденттердің 45,3% өз өңірлерінде экологиялық проблемалардың кездесетіні жайлы белгіледі, ал 42,7% тұрғындар «иә деуге болады» жауап нұсқасын таңдаған. Барлығы 88% өз өңірлерінде қандай да бір экологиялық мәселенің бар екендігін хабарлайды. 2 диаграммада осы респонденттерге «*Экологиялық проблема кездесе, ол қандай экологиялық проблема?*» сұрақ қойылды. 42,9% респондент су ресурстарының экологиялық мәселелерін (ластану, су дефициті) белгілесе, 17,6% респондент өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу проблемаларын атап өтеді. Ал 16% респондент үшін бұл – шөлейттену проблемасы. Тағы респонденттердің 16% шаруашылықта ауаның және топырақтың ластануын таңдаса, респонденттердің аз бөлігі 7,6% Радиоактивті, бактериологиялық және химиялық ластану жауап нұсқасын таңдады.

2-диаграмма. Өзекті экологиялық проблема, %




Фокус топ және сауалнама жүргізу барысында «атап өтілген проблемалар кездесе, елден көшуге дайын» респонденттер үлесі мен, «тұрғылықты жерде қалғанды жөн көретін» респонденттер үлесі теңесті.


Фокус топ қатысушылары, егер мемлекет тарапынан жағдай жасалатын болса немесе қаржылық, тұрғылықты үй, жұмыспен қамту мәселелерін оңтайлы шешіп берсе солтүстік аудандарға көшуге дайын екендерін баяндады.

Сонымен қатар, басқа аймақтарға немесе басқа елді мекендерге көшуде туындайтын қиындықтар қатары анықталды. 3 диаграмма негізгі үш кедергіні көрсетіп тұр: 25% - қаржының жетіспеушілігі, 23,6% - бейімделуде туындайтын қиындықтар, 18,9% - туған жерге қимастық сезімі болды.

Зерттеу барысында халықтың өңіраралық ішкі көші-қон статистикасы мәліметтері қарастырылды. Көрсетілген мәліметтерге сәйкес көші-қон тенденциясы жоғары өңірлерге республикалық маңызы бар үш қала, яғни Астана, Алматы, Шымкент жатады.



3-диаграмма. Қоныс аударуға кедергі факторлар, %



4-диаграмма. Халықтың өңіраралық көші-қоны

Сауалнама барысында қоныс аударуға тартымды қалалар ішінде Алматы және Астана қалалары жиі аталады. Бұл дегеніміз - елімізде дамып жатқан, бос жұмыс орындары бар және жалақы мөлшері айтарлықтай жоғары қалалар ретінде аталған қалалар жоғары беделге ие.

Қазақстандағы экологиялық жағдайды жақсарту қоғам мен мемлекеттің бірлескен күш-жігерін қажет етеді. Азаматтар экологиялық жағдайды жақсарту үшін мынадай шараларды қолдана алады: экологиялық таза өмір салтын насихаттау; табиғи ресурстарды қалпына келтіру және қорғау; білім беру және хабардарлық; қоғамдық ұйымдар мен бастамаларға қатысу; экологиялық кәсіпкерлік: экологиялық таза тауарлар мен қызметтерді өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, экологиялық тұрақты технологиялар мен инновацияларды енгізу және т.б.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Костенко В.В. Теории миграции: от ассимиляции к транснационализму. Журнал социологии и социальной антропологии, 2014. 17 (3), 62-76.
2. Интернет ресурс: <https://www.iqair.com/ru/world-air-quality-ranking>
3. Лукьянец А. С., Рязанцев С. В., Моисеева Е. М., Маньшин Р. В. Экономические и социальные последствия экологической миграции в странах центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. 2020. Т. 23. № 2. С. 160-176.



4. Интернет ресурс: <https://bizmedia.kz/2023-12-28-nazvany-samyj-gryaznyj-i-samyj-chistyj-gorod-kazahstana/?ysclid=luargegc9t939473931>
5. Абель Г. Дж., Броттрегер М., Куаресма Дж.К., Муттарак Р. Климат, конфликты и вынужденная миграция. Глобальные изменения окружающей среды. 2019;54:239–49. <https://doi.org/10.1016/j.gloenvcha.2018.12.003>.
6. Ахмед Б. Кто берет на себя ответственность за климатических беженцев? Разработка стратегии по изменению климата. 2018;10(1):5–26. <https://doi.org/10.1108/IJCCSM-10-2016-0149>.
7. И. Леденева В.Ю. Климатическая миграция: тенденции и прогнозы // Известия Юго-Западного государственного университета. Серия: Экономика. Социология. Менеджмент. 2021. Т. 11. № 6. С. 233–242. Источник: [https://www.isras.ru/index.php?page\\_id=1198&id=10557](https://www.isras.ru/index.php?page_id=1198&id=10557)
8. Рахматулина Д.М., Исова Л.Т., & Самай А.Д. (2023). Теневая экологическая миграция в приаралье как новый ареал экологических проблем. Известия. Серия: Международные отношения и Регионоведение, 51(1).

УДК 37.013.41

## **БЕЗБАРЬЕРНАЯ СРЕДА ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ (НА ПРИМЕРЕ НАО «КАТИУ ИМЕНИ С.СЕЙФУЛЛИНА»)**

**Бекенова Асия Сериковна**

[asiya\\_bekenova@mail.ru](mailto:asiya_bekenova@mail.ru)

Магистрант второго курса кафедры социологии

НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева»,

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна, к.п.н., доцент.

С каждым годом количество обучающихся с ОВЗ медленно, но верно увеличивается, следовательно «инклюзивное обучение сегодня – это социальная и этическая ответственность, которая окажет положительное влияние на то, чтобы университетский персонал и студенческое сообщество работали вместе для улучшения, развития и поддержки всех своих членов» [1]. Инклюзия направлена на снижение барьеров на пути социализации лиц с ОВЗ, это путь преодоления дискриминации в образовании.

Не секрет, что во всем мире самыми актуальными проблемами молодых людей с тяжелой степенью поражения зрения и слуха, опорно-двигательной системы является получение образования, в том числе высшего и дальнейшее трудоустройство, что осложняется отсутствием систематической нормативной базы инклюзивного образования. Специальным условием для создания инклюзивного образования является безбарьерная среда: это не только наличие пандусов, оборудованных санитарных комнат, но и наличие визуальной информации для слабослышащих, учебная литература для слабовидящих, создание индивидуальных учебных программ. Согласно пункта 3 статьи 47 Закона об образовании «Обучающиеся и воспитанники имеют право на: 7) бесплатное пользование информационными ресурсами в организациях образования, в том числе в доступной форме для лиц с инвалидностью, детей с ограниченными возможностями, обеспечение учебниками, учебно-методическими комплексами, в том числе изготовленными для лиц с инвалидностью, детей с ограниченными возможностями» [2].

По результатам социологического исследования, проведенного Центром изучения общественного мнения (ЦИОМ) в 2011 году лишь 15% инвалидов с нарушениями опорно-двигательного аппарата имеют высшее образование и 31% имеют среднее специальное образование, то есть людям с ограниченными возможностями среднее специальное или